«БЕКІТІЛДІ»
Абай облысы Семей қаласының
«Тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімі»
мемлекеттік мекемесі басшысының
міндетін атқарушы
Н. Сергазинов
«11» 02 2026

Семей қаласының аумағында қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауды және тасымалдауды жүзеге асыратын ҚТҚ нарығына қатысушыларды айқындау жөніндегі конкурстық (тендерлік) құжаттама

Осы конкурстық (тендерлік) құжаттама Қазақстан Республикасының Азаматтық және Экологиялық кодекстеріне, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 28 желтоқсандағы № 508 бұйрығымен бекітілген Коммуналдық қалдықтарды басқару қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар), сондай-ақ Абай облысының мәслихатының 2023 жылғы 15 қарашадағы № 9/67-VIII шешімімен бекітілген Абай облысы қалалары мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру қағидаларына сәйкес әзірленді.

1. Жалпы ережелер

1. Осы конкурстық (тендерлік) құжаттамада мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1. уәкілетті орган – Абай облысы Семей қаласының «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесі;
2. тұтынушы – қалдықтардың меншік иелері болып табылатын жеке және заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер;
3. конкурсқа (тендерге) қатысушы – Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес коммуналдық қалдықтарды жинау және тасымалдау жөніндегі қызметті (көрсетілетін қызметтерді) жүзеге асыратын мамандандырылған ұйым (жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға);
4. коммуналдық қалдықтар – тұтыну қалдықтарының мынадай түрлері:

- үй шаруашылықтарының аралас және бөлек жиналған қалдықтары, оның ішінде қағаз және картон, шыны, металдар, пластмассалар, пайдаланылған органикалық қалдықтар, ағаш, тоқыма бұйымдары, қаптама, электр және электрондық жабдықтар, батареялар мен аккумуляторлар;
- егер мұндай қалдықтар өзінің сипаты мен құрамы бойынша үй шаруашылықтарының қалдықтарына ұқсас болса, басқа көздерден пайда болатын аралас және бөлек жиналған қалдықтар;

5. коммуналдық қалдықтарға өндіріс, ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы, балық аулау қалдықтары, септиктер мен кәріз желілерінің қалдықтары, сондай-ақ тазарту құрылыстарынан пайда болатын қалдықтар, оның ішінде ағынды сулардың тұнбасы, пайдаланудан шығарылған көлік құралдары немесе құрылыс қалдықтары жатпайды;

6. қатты тұрмыстық қалдықтар – қатты нысандағы коммуналдық қалдықтар.

конкурстық (тендерлік) комиссия – тендер өткізу рәсімін жүзеге асыру үшін Семей қаласының әкімдігі құратын алқалы орган;

контейнерлік алаңдар – коммуналдық қалдықтарды жинауға арналған контейнерлер орналастырылатын, коммуналдық қалдықтарды тасымалдауды жүзеге асыратын мамандандырылған көліктің кіріп-шығуына арналған жолдары бар, коммуналдық қалдықтарды жинақтауға арналған арнайы алаңдар.

2. Конкурс (тендер) Семей қаласының аумағынан коммуналдық қалдықтарды әкету бойынша қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауды және тасымалдауды жүзеге асыратын ҚТҚ нарығына қатысушыларды айқындау, сондай-ақ Семей қаласының әкімшілік шекаралары шегінде орналасқан халық пен ұйымдарға коммуналдық қалдықтарды жинау және әкету бойынша қызметтердің уақтылы көрсетілуін қамтамасыз ету мақсатында, коммуналдық қалдықтарды жинау және әкету жөніндегі қызметтер нарығында бәсекелестік үшін оңтайлы жағдайлар жасау және оларды одан әрі қолдау арқылы өткізіледі.

3. Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауды және тасымалдауды жүзеге асыратын, конкурс (тендер) жеңімпазы деп танылған ҚТҚ нарығына қатысушы контейнерлік алаңдар мен контейнерлерді пайдаланатын және оларға қызмет көрсететін ұйым болып танылады (Абатаңдыру қағидаларының 24-тармағына сәйкес).

4. **Конкурсты (тендерді) ұйымдастырушы** Абай облысы Семей қаласының «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесі (уәкілетті орган) болып табылады.

5. **Конкурсқа (тендерге) қатысуға өтінімдерді қабылдау мекенжайы:** Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, Абай көшесі, 97.

6. Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауды және тасымалдауды жүзеге асыратын ҚТҚ нарығына қатысушыларды айқындау жөніндегі конкурс (тендер) Семей қаласы әкімдігінің сайтында тиісті хабарландыру жарияланған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні өткеннен кейін, бірақ 25 (жиырма бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей өткізіледі.

Құжаттамаға өзгерістер енгізілген жағдайда, конкурсты (тендерді) өткізу мерзімі ұзартылады.

7. Қайта өткізілетін конкурс (тендер) Семей қаласы әкімдігінің сайтында тиісті хабарландыру жарияланған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні өткеннен кейін, бірақ 17 (он жеті) жұмыс күнінен кешіктірілмей өткізіледі.

8. Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауды және тасымалдауды жүзеге асыратын ҚТҚ нарығына қатысушыларды айқындау жөніндегі конкурс (тендер)

бұрын жасалған шарттардың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін 60 (алпыс) күнтізбелік күн бұрын жариялануға тиіс.

9. Учаскелерді әзірлеу және (немесе) түзету негізінде коммуналдық қалдықтарды әкету бойынша қала халқы мен ұйымдарының мүдделерін қамтамасыз ету, сондай-ақ Семей қаласының әкімшілік-аумақтық шекараларын ескере отырып, қызмет көрсетілетін учаскелерді тиісті жағдайда ұстау қажеттілігімен объективті түрде негізделген ұтымды әрі тиімді қағидаттар жатады.

10. Учаскелердің схемасын уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.

11. Бекітілген учаскелер схемасының негізінде конкурсқа (тендерге) қатысушыларға белгіленген тәртіппен жұмыс схемасы беріледі.

12. Белгілі бір учаскеге қызмет көрсету құқығына арналған конкурста (тендерде) жеңіс қатысушыларға қойылатын талаптарға барынша сәйкес келетін қатысушыға беріледі.

13. Конкурсқа (тендерге) қатысушыларды бағалау балдық жүйе бойынша жүргізіледі. Конкурстың (тендердің) жеңімпазы болып ең көп балл жинаған қатысушы танылады. Екі немесе одан да көп қатысушының конкурстық (тендерлік) өтінімдерінің балдары тең болған жағдайда, ҚТҚ жинау және тасымалдау саласындағы жұмыс тәжірибесі, сондай-ақ ҚТҚ жинау және тасымалдау жұмыстарын жүзеге асыруға арналған техникалық жарақтандырылуы ескеріледі.

14. Егер конкурсқа (тендерге) қатысуға бір ғана өтінім берілсе, комиссия мынадай шешімдердің бірін қабылдауға құқылы:

егер жалғыз қатысушы конкурстық (тендерлік) құжаттамада көзделген талаптарға сәйкес келсе, оны конкурстың (тендердің) жеңімпазы деп тану;

қайта конкурс (тендер) жариялау;

конкурстың (тендердің) шарттарын өзгерту және қайта конкурс (тендер) жариялау.

15. Конкурс (тендер) жеңімпазының учаскеге қызмет көрсету құқығы уәкілетті орган мен жеңімпаз арасында жасалған өзара міндеттемелер туралы шартта бекітіледі.

16. Ең үздік ұсынысты іске асыру, атап айтқанда, коммуналдық қалдықтарды жинау және әкету, контейнерлік алаңдарда орнатылған контейнерлерді сатып алу және жөндеу, контейнерлік алаңдарды жөндеу және орнату, көлік құралдарын сатып алу, олардың техникалық жай-күйін қамтамасыз ету, оның ішінде шарттың қолданылу мерзімі ішінде сервистік қызмет көрсету жеңімпаз қатысушының қаражаты есебінен жүзеге асырылуға тиіс.

17. Уәкілетті орган мен қызмет көрсетуші арасында коммуналдық қалдықтарды жинау және тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсету туралы өзара міндеттемелер туралы шарт **3 (үш)** күнтізбелік жыл мерзімге жасалады.

18. Шарттың қолданылу мерзімін уәкілетті орган жаңа қызмет көрсетушіні айқындау кезеңіне (конкурстық (тендерлік) рәсімдерді өткізу кезеңіне) ұзартуы мүмкін.

19. Семей қаласының аумағынан коммуналдық қалдықтарды жинау және тасымалдау жөніндегі шарттың талаптары мен қолданылу мерзімі Семей қаласының бас жоспары мен егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы нақтылануына қарай түзетілуі мүмкін.

20. Конкурстық (тендерлік) құжаттаманың түпнұсқасы уәкілетті органда сақталады, ал конкурсқа (тендерге) қатысушылар үшін оның электрондық нұсқасы Семей қаласы әкімдігінің сайтында орналастырылады.

2. Конкурстық (тендерлік) құжаттама жобасын алдын ала талқылау

1. Конкурстық (тендерлік) құжаттаманы бекітудің міндетті шарты әлеуетті өнім берушілердің конкурстық (тендерлік) құжаттама жобасын алдын ала талқылауы болып табылады.

Конкурстық (тендерлік) құжаттама жобасын алдын ала талқылау рәсімі жарияланған конкурстың (тендердің) бір бөлігі болып табылады және оны өткізудің жалпы мерзіміне кіреді.

2. Конкурстық (тендерлік) құжаттама жобасына қатысты ескертулер, сондай-ақ конкурстық (тендерлік) құжаттама жобасының ережелерін түсіндіру туралы сұрау салулар хабарландыру орналастырылған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірілмей уәкілетті органға Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, Абай көшесі, 97 мекенжайы бойынша конкурстық (тендерлік) комиссия хатшысына жазбаша түрде ұсынылуы мүмкін.

3. Конкурстық (тендерлік) құжаттама жобасына қатысты ескертулер, сондай-ақ конкурстық (тендерлік) құжаттама жобасының ережелерін түсіндіру туралы сұрау салулар болмаған жағдайда, уәкілетті орган конкурстық (тендерлік) құжаттаманы бекіту туралы шешім қабылдайды.

4. Ескертулер, сондай-ақ конкурстық (тендерлік) құжаттама жобасының ережелерін түсіндіру туралы сұрау салулар болған жағдайда, уәкілетті орган конкурстық (тендерлік) құжаттама жобасын алдын ала талқылау мерзімі өткен күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1. конкурстық (тендерлік) құжаттама жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді;
2. конкурстық (тендерлік) құжаттама жобасына қатысты ескертулерді оларды қабылдамау себептерінің негіздемесін көрсете отырып, қабылдамайды;
3. конкурстық (тендерлік) құжаттама жобасының ережелеріне түсініктеме береді.

5. Көрсетілген шешімдер қабылданған күннен бастап конкурстық (тендерлік) құжаттама бекітілген болып есептеледі.

3. Конкурсқа (тендерге) қатысуға өтінімді ресімдеу және ұсыну үшін қатысушыға қойылатын талаптар

1. Конкурсқа (тендерге) қатысуға мынадай талаптарға сәйкес келетін жеке және заңды тұлғалар жіберіледі:

1. коммуналдық қалдықтарды тиеуге, нығыздауға, тасымалдауға және түсіруге арналған, Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген, техникалық жарамды жұмыс жағдайындағы және экологиялық талаптарға сәйкес келетін тиісті мамандандырылған техниканың меншік құқығында және (немесе) жалдау құқығында болуы;
2. конкурстық (тендерлік) рәсімдерге қатысу кезінде мамандандырылған техникаға қатысты құжаттар тек 1 (бір) лотқа ғана тіркелуге тиіс. Бір техниканың бірнеше лотқа қатысуына жол берілмейді;
3. автокөлік құралдарын қоюға, сақтауға, техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған жылытылатын өндірістік үй-жайлардың меншік құқығында және (немесе) жалдау құқығында болуы;
4. Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 337-бабының талаптарына сәйкес қалдықтарды басқару саласындағы кәсіпкерлік субъектілерінің рұқсаттары мен хабарламаларының мемлекеттік электрондық тізілімінде тіркелуінің болуы;
5. Қазақстан Республикасының Еңбек және Экологиялық кодекстерінің нормаларының сақталуын қамтамасыз ету;
6. коммуналдық қалдықтарды әкету бойынша қызметтер көрсету үшін білікті басқарушы және техникалық персоналдың болуы;
7. Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне сәйкес 38110 «Қауіпті емес қалдықтарды жинау», 38210 «Қауіпті емес қалдықтарды өңдеу және жою» кіші сыныптарының болуы;
8. ҚТҚ жинауды және тасымалдауды жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілерінің қалдықтарды сұрыптау кешеніне жеткізу кезінде қалдықтарды сұрыптауды жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілерімен шарты болуы немесе сұрыптауды өз бетінше жүзеге асыруы;
9. ҚТҚ жинауды және тасымалдауды жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілерінің қауіпті емес қалдықтарды қалпына келтіруді және жоюды жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілерімен, сондай-ақ коммуналдық қалдықтардың қауіпті құрамдас бөліктерін сұрыптау кешеніне жеткізген жағдайда тиісті шарттары болуы;
10. ҚТҚ жинауды және тасымалдауды жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілерінің қалдықтарды көмуге қабылдайтын кәсіпкерлік субъектілеріне жеткізген кезде полигон операторымен қалдықтарды қабылдау туралы шарты болуы;
11. ҚТҚ-ны уақтылы әкетуді қамтамасыз ету үшін қосымша қызметкерлердің, сондай-ақ мамандандырылған техниканың болуы (конкурстық (тендерлік) құжаттамаға ұсынылған мамандандырылған техника бұзылған немесе қызметкер ауысымға шықпаған жағдайда);
12. бағдарламалық өнімді сүйемелдеу және деректерді «Жасыл даму» АҚ дерекқорымен, көлік құралдарының спутниктік жабдықтарымен, навигациялық жүйелермен интеграциялау бойынша қызметтер алуы және аталған жүйелерді тұрақты жұмыс жағдайында ұстауы;
13. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығымен бекітілген «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын

санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) талаптарын сақтау.

4. Конкурсқа (тендерге) қатысу үшін конкурстық (тендерлік) өтінімдерді беру

1. Конкурсқа (тендерге) қатысу үшін қатысушылар мынадай құжаттарды ұсынуға тиіс:

1. осы конкурстық (тендерлік) құжаттамаға 1-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша ресімделген конкурсқа (тендерге) қатысуға өтінім;
2. заңды тұлғалар үшін құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелері, жеке кәсіпкерлер үшін жеке кәсіпкер ретінде тіркелгенін растайтын құжаттар, жеке тұлғалар үшін жеке куәлік;
3. мамандандырылған техниканың меншікте немесе жалға алынғанын растайтын құжаттар, оның ішінде көлік құралын тіркеу туралы куәлік, жалдау шарты (жалға беруші жеке тұлға болған жағдайда – жеке куәліктің көшірмесі, заңды тұлға болған жағдайда – заңды тұлғаның тіркелгені туралы анықтама), техникалық қызмет көрсетуден өткені туралы сертификат;
4. конкурсқа (тендерге) қатысушының қызметкерлерін растайтын құжаттар, оның ішінде білікті қызметкерлері көрсетілген бекітілген штаттық кесте, еңбек шарты, жұмысқа қабылдау туралы бұйрық, жеке куәліктің көшірмесі, жұмысқа қабылдауға қатысты құжаттардың көшірмелері, куәліктердің, сертификаттардың, дипломдардың және аттестаттардың көшірмелері;
5. өндірістік базаның (автокөлік құралдарын қоюға, сақтауға, техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған жылытылатын өндірістік үй-жайлардың) меншікте немесе жалға алынғанын растайтын құжаттар, оның ішінде меншік құқығын растайтын құжаттың көшірмесі және үй-жайдың техникалық паспорты, жалдау шарты, жалға берушінің меншік құқығын растайтын құжаттың және үй-жайдың техникалық паспортының көшірмелері (жалға беруші жеке тұлға болған жағдайда – жеке куәлігінің көшірмесі, заңды тұлға болған жағдайда – жалдау шартын жасасу күніне заңды тұлғаның тіркелгені туралы анықтама), шарт жасалған немесе конкурстық (тендерлік) құжаттама қалыптастырылған күнге электрондық үкімет порталынан алынған жылжымайтын мүлікке құқықтар мен ауыртпалықтардың бар-жоғы туралы анықтама;
6. заңды тұлғалар үшін соңғы қаржы жылындағы бухгалтерлік баланстың бірінші басшы немесе оны алмастыратын тұлға, сондай-ақ бас бухгалтер (бухгалтер) қол қойған түпнұсқасы немесе көшірмесі (қол қою құқығын растайтын құжатты қоса бере отырып);
7. конкурсқа (тендерге) қатысушының қаржылық қызметінің негізгі көрсеткіштері туралы есеп (соңғы жылдағы пайда мен залал туралы есеп);
8. өкілдің өкілеттігін растайтын құжат;
9. осы конкурстық (тендерлік) құжаттаманың 2-қосымшасына сәйкес конкурсқа (тендерге) қатысушының конкурстық (тендерлік) ұсыныстарының толтырылған нысаны;
10. конкурсқа (тендерге) қатысуға өтінімдерді беру күнінен бір айдан ерте емес мерзімде берілген, тиісті салық органының белгіленген нысандағы салық берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша үш айдан астам берешегінің жоқ екендігі туралы анықтамасының

түпнұсқасы (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлеу мерзімі кейінге қалдырылған жағдайларды қоспағанда).

2. Өтінімдерді беру мерзімі конкурс (тендер) ұйымдастырушысы Семей қаласы әкімдігінің сайтында хабарландыру орналастырған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнін құрайды. Конкурстық (тендерлік) құжаттамаға өзгерістер енгізілген жағдайда, өтінімдерді ұсыну мерзімі 5 (бес) жұмыс күніне ұзартылады, бұл туралы Семей қаласы әкімдігінің сайтында қосымша хабарландыру орналастырылады.

Конкурсқа (тендерге) қатысуға өтінімдер өтінімдерді қабылдаудың соңғы күні сағат 18:30-ға дейін қабылданады.

3. Конкурсқа (тендерге) қатысуға өтінім және оған қоса берілетін құжаттар қатысушы тарапынан тігілген, беттері нөмірленген түрде конкурстық (тендерлік) комиссияның хатшысына ұсынылады. Соңғы бетке қатысушының қолы қойылып, мөрімен (ол болған жағдайда) куәландырылады.

4. Конкурстық (тендерлік) комиссияның хатшысы өтінімді мөрленген конвертте қабылдайды, қабылданған күні мен уақытын көрсете отырып, қолхат береді және өтінімдерді тіркеу журналына тиісті жазба енгізеді.

5. Өтінімде қатысушыға грамматикалық немесе арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдардың арасына қандай да бір кірістірулер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауға тиіс.

6. Өтінім ұйымдастырушының мына мекенжайына жолдануға тиіс: Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, Тәңірбергенов көшесі, 1 (уақытша орналасқан мекенжай).

7. Конкурс (тендер) ұйымдастырушысы өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін алған барлық өтінімдер қабылданбайды және конкурсқа (тендерге) қатысушыларға қайтарылады.

8. Егер қатысушы қандай да бір негіздер бойынша конкурсқа (тендерге) қатысуға жіберілмесе, онда конкурстық (тендерлік) комиссия мүшелерінің дауыс беру хаттамасында осындай қатысушының өтінімін қабылдамау себептері көрсетіледі.

9. Конкурсқа (тендерге) қатысуға өтінім берген қатысушылар туралы мәліметтер жария етілмейді.

10. Конкурсқа (тендерге) қатысушы өзінің өтінімін дайындауға және беруге байланысты барлық шығындарды өзі көтереді. Уәкілетті орган мен комиссия конкурс (тендер) өткізу сипатына немесе нәтижелеріне қарамастан, осы шығындар бойынша міндеттемелер алмайды.

5. Конкурстық (тендерлік) комиссияның конкурсқа (тендерге) қатысуға берілген өтінімдерді қарауы

1. Комиссия конкурстық (тендерлік) өтінімдерді оларды қабылдау аяқталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қарайды және жеңімпаздарды айқындайды.

2. Өтінімдерді қарау кезінде комиссия төрағасы қатысып отырған тұлғаларға конкурсқа (тендерге) қатысушылардың атаулары мен орналасқан жерін, сондай-ақ ұсынылған құжаттардың бар-жоғын жариялайды.

3. Өтінімдерді қарау рәсімінен кейін комиссия хатшысы қарау хаттамасын жасайды, оған комиссия төрағасы, комиссия мүшелері және хатшысы қол қояды.

4. Осы хаттаманың көшірмесі конкурсқа (тендерге) қатысушыларға олардың сұрау салуы бойынша жіберіледі.

5. Конкурсқа (тендерге) қатысушы конкурс (тендер) өткізудің белгіленген мерзіміне дейін жазбаша хабарлау арқылы өзінің өтінімін кері қайтарып алуға құқылы.

6. Конкурсты (тендерді) өткізу тәртібі мен шарттары

1. Конкурсты (тендерді) өткізуді қамтамасыз ету және жеңімпазды айқындау мақсатында Семей қаласының әкімдігі комиссия құрады.

2. Комиссияның құрамы конкурс (тендер) ұйымдастырушысының бірінші басшысымен не ол болмаған жағдайда оның міндетін атқарушы тұлғамен бекітіледі. Бұл ретте комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ болуы және кемінде 5 (бес) адамнан тұруы тиіс.

3. Комиссияны комиссия төрағасы басқарады, ал ол болмаған жағдайда – төрағаның орынбасары басқарады.

4. Комиссия хатшысы комиссия мүшесі болып табылмайды және комиссия шешімдер қабылдаған кезде дауыс беру құқығына ие болмайды.

5. Егер комиссия отырысына комиссия мүшелерінің кемінде 2/3 бөлігі қатысса, отырыс заңды деп танылады. Олай болмаған жағдайда, тиісті конкурс (тендер) өткізілмеді деп есептеледі.

6. Комиссия отырысында комиссия төрағасы қатысушыларға комиссияның құрамы мен оның мүшелерінің кворумы, ағымдағы конкурсқа (тендерге) шығарылатын учаскелердің (учаскелер топтарының) саны, сондай-ақ әрбір учаске бойынша келіп түскен өтінімдердің жалпы саны туралы ақпарат беруге тиіс.

7. Қандай да бір лот бойынша өтінімдер болмаған жағдайда, конкурс (тендер) өткізілмеді деп есептеледі. Қандай да бір лот бойынша бір немесе одан да көп өтінім болған жағдайда, конкурс (тендер) өткізілді деп есептеледі.

8. Конкурсқа (тендерге) қатысуға берілген өтінімдерді комиссия қарайды. Комиссия мүшелері болып табылмайтын тұлғалардың комиссия қызметіне араласуына жол берілмейді.

9. Комиссия мүшелері осы конкурстық (тендерлік) құжаттамаға 3-қосымшаға сәйкес конкурсқа (тендерге) қатысушының ұсыныстарын салыстыруды және бағалауды жүргізеді.

10. Комиссия мүшелері ұсынылған өтінімдер мен оларға қоса берілген құжаттардағы бастапқы деректердің дұрыс енгізілгенін тексереді.

11. Комиссияның шешімі шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде хаттамамен ресімделеді және оған комиссия төрағасы, комиссия мүшелері мен хатшысы қол қояды.

12. Комиссияның әрбір мүшесі өзінің ерекше пікірін жазбаша түрде баяндауға және оны хаттамаға қоса беруге құқылы, бұл туралы хаттамада тиісті белгі жасалады.

13. Уәкілетті орган комиссия шешімінің хаттамасының көшірмелерін қатысушылардың сұрау салуы бойынша оларға жолдайды.

14. Комиссия шешімінің негізінде уәкілетті орган хаттамаға қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде конкурс (тендер) жеңімпазымен осы конкурстық (тендерлік) құжаттамаға 4-қосымшаға сәйкес шарт жасасады.

15. Конкурс (тендер) жеңімпазының шарт жасасу үшін 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде келмеуі, сондай-ақ жеңімпаз қатысушының кінәсінен шарт жасасудың 5 (бес)

күнтізбелік күнге кешіктірілуі учаскеге қызмет көрсету құқығын алудан бас тарту ретінде қарастырылуы мүмкін.

Бұл жағдайда жеңімпаз конкурсқа (тендерге) қатысушылардың қалған бөлігі арасынан неғұрлым тиімді шарттар ұсынған қатысушы болып айқындалады.

7. Конкурс (тендер) жеңімпазының міндеттемелері

1. Шарт жасалған конкурс (тендер) жеңімпазы уәкілетті органға ай сайын электрондық немесе қағаз жеткізгіштерде мынадай ақпаратты ұсынуға тиіс:

- тұтынушылармен жасалған шарттар туралы, коммуналдық қалдықтардың жинақталу көлемдерін көрсете отырып, оның ішінде мәслихат шешімдерінде көзделген азаматтардың жекелеген санаттарына арналған жеңілдіктерді қолдану туралы ақпарат;
- бекітілген аумақта тұтынушыларда түзілген және коммуналдық қалдықтарды сұрыптауды, залалсыздандыруды және қайта өңдеуді, кейіннен кәдеге жаратуды және көмуді жүзеге асыратын мамандандырылған кәсіпорындарға әкетілген коммуналдық қалдықтардың көлемі туралы ақпарат;
- контейнерлерді жөндеу және ауыстыру туралы ақпарат.

2. Шарт жасалған конкурс (тендер) жеңімпазы контейнерлік алаңнан қоқыс шығарылғаннан кейін әрбір ретте тасымалдау кезінде контейнерлік алаңның айналасындағы 3 метр радиуста шашылған қоқыстарды қолмен, сондай-ақ көпфункционалды техниканы пайдалана отырып жинауды жүзеге асыруға тиіс.

3. Шарт жасалған конкурс (тендер) жеңімпазы коммуналдық қалдықтарды әкету бойынша қызметтер көрсетуді ұйымдастыру барысында әкету кестесіне енгізілетін барлық өзгерістерді уәкілетті органмен келісуге тиіс.

4. Шарт жасалған конкурс (тендер) жеңімпазы автокөлік құралдарының техникалық жарамды жұмыс жағдайын қамтамасыз етуге және техникалық, экологиялық, санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға және өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келмейтін автокөлік құралдарының маршрутқа шығуына жол бермеуге тиіс.

5. Шарт жасалған конкурс (тендер) жеңімпазы мамандандырылған техниканы алдын ала және мерзімдік, оның ішінде рейс алдындағы (ауысым алдындағы) техникалық қарап-тексеруден (ТО2) өткізуді, сондай-ақ автокөлік құралдары жүргізушілерінің еңбек және демалыс режимін сақтауын қамтамасыз етуге тиіс.

6. Шарт жасалған конкурс (тендер) жеңімпазы қызмет көрсету кезеңінде өзіне берілген контейнерлерді тиісті санитариялық және техникалық жағдайда ұстауға, сондай-ақ одан әрі пайдалануға жарамсыз контейнерлерді уақтылы жөндеуге және ауыстыруға тиіс.

7. Уәкілетті мүдделі органдар коммуналдық қалдықтарды әкету тарифін арттыру туралы шешім қабылдаған жағдайда, шарт жасалған конкурс (тендер) жеңімпазы алдағы өзгерістер туралы тұтынушыларды өзгерістер енгізілгенге дейін 30 (отыз) күн бұрын жеке тәртіппен және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабардар етуге тиіс.

8. Шарт жасалған конкурс (тендер) жеңімпазы коммуналдық қалдықтарды, оның ішінде қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау мен тасымалдауды басқару жөніндегі ақпараттық жүйені енгізуге тиіс.

9. Шарт жасалған конкурс (тендер) жеңімпазы 13-тармақта көрсетілген ақпараттық жүйені қалдықтарды жинауды, тасымалдауды және қайта өңдеуді есепке

алудың автоматтандырылған ақпараттық жүйесімен, атап айтқанда, «Жасыл даму» АҚ-ның «EcoQolday» ақпараттық жүйесімен интеграциялауға және қатты тұрмыстық қалдықтарды (ҚТҚ) жинау мен тасымалдау бойынша тиісті деректерді тұрақты негізде беріп отыруға тиіс.

10. Шарт жасалған конкурс (тендер) жеңімпазы қажет болған жағдайда төтенше жағдайлардың салдарын жою және қаланың санитариялық-экологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған өзге де іс-шараларды өткізу кезінде мемлекеттік органдарға, ұйымдар мен кәсіпорындарға мамандандырылған техниканы ұсынуға тиіс.

11. Шарт жасалған конкурс (тендер) жеңімпазы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға қалдықтарды жинау, сұрыптау және (немесе) тасымалдау, қауіпті емес қалдықтарды қалпына келтіру және (немесе) жою жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама беруге тиіс.

12. Шарт жасалған конкурс (тендер) жеңімпазы медиа-жоспар шеңберінде Семей қаласының тұрғындары арасында қалдықтарды бөлек жинаудың қажеттілігін түсіндіру мәселелері бойынша үгіт-насихат жұмыстарына қатысуға тиіс.

13. Шарт жасалған конкурс (тендер) жеңімпазы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге енгізілген қалдықтарды басқару саласындағы ұлттық стандарттарды сақтауға тиіс.

14. Шарт жасалған конкурс (тендер) жеңімпазы адамдардың өміріне және (немесе) денсаулығына зиян келтіру, экологиялық залал келтіру қаупін тудырмауға, атап айтқанда, жер үсті және жер асты суларына, атмосфералық ауаға, топыраққа, жануарлар мен өсімдіктер дүниесіне, ландшафттарға теріс әсер ету тәуекеліне жол бермеуге тиіс.

8. Шартты бұзу талаптары

1. Егер мамандандырылған ұйым шарт талаптарын елеулі түрде бұзған жағдайда (Шарттың 5-тарауын, 12-тармағының 6) тармақшасын, 36, 37, 38, 39, 40-тармақтарын бұзу), бұл шартта көзделген негізгі талаптардың орындалмауына әкеп соқса, уәкілетті орган шартта көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте уәкілетті орган қызмет көрсетушіні шартты бұзу туралы 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын алдын ала хабардар етеді.

2. Шарт талаптарын елеулі түрде бұзуға, бірақ олармен шектелмей, мыналар жатады: қалдықтарды әкету кестесін бірнеше рет (5 реттен артық) бұзу және қоқыс контейнерлерінің жүйелі түрде толып кетуіне жол беру (бір мекенжай бойынша 3 реттен артық, бұл ретте қалдықтарды әкету кестесінің бұзылу фактілері тұтынушылардың құжаттамалық түрде негізделген өтініштерімен, шағымдарымен және хаттарымен расталуы тиіс); техникалық қарап-тексеруден өтпеген мамандандырылған техниканы маршрутта бірнеше рет пайдалану; уәкілетті органмен келісусіз қызмет көрсету құқығын үшінші тұлғаға беру; абаттандыру қағидаларының қоқыс тасымалдаушы ұйымның қалдықтарды коммуналдық қалдықтарды сұрыптауды, залалсыздандыруды және қайта өңдеуді, кейіннен кәдеге жаратуды жүзеге асыратын мамандандырылған кәсіпорындарға жеткізу жөніндегі міндеттемелеріне қатысты талаптарын бұзу.

3. Қоқыс шығаратын компаниямен шарт бұзылған жағдайда, уәкілетті орган тиісті лот бойынша жаңа конкурс (тендер) өткізілгенге дейін мамандандырылған ұйымдардың бірімен шарт жасасуға құқылы.

Семей қаласының аумағында қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауды және тасымалдауды жүзеге асыратын ҚТҚ нарығына қатысушыларды айқындау жөніндегі конкурстық (тендерлік) құжаттаманы бекіту және конкурс өткізу туралы хабарландыру

Семей қаласының әкімдігі Абай облысы Семей қаласының «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесі атынан Семей қаласының аумағында қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауды және тасымалдауды жүзеге асыратын ҚТҚ нарығына қатысушыларды айқындау жөніндегі конкурс (тендер) өткізілетіні туралы хабарлайды.

Конкурстық (тендерлік) құжаттама жобасын алдын ала талқылау рәсімі жарияланған конкурстың (тендердің) бір бөлігі болып табылады және оны өткізудің жалпы мерзіміне кіреді.

Конкурстық (тендерлік) құжаттама жобасына қатысты ескертулер, сондай-ақ конкурстық (тендерлік) құжаттама жобасының ережелерін түсіндіру туралы сұрау салулар **осы хабарландыру орналастырылған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірілмей** уәкілетті органға Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, Тәңірбергенов көшесі, 1 (**уақытша орналасқан мекенжай**) мекенжайы бойынша конкурстық (тендерлік) комиссияның хатшысына жазбаша түрде ұсынылуы мүмкін.

Конкурстық (тендерлік) құжаттама жобасына қатысты ескертулер, сондай-ақ конкурстық (тендерлік) құжаттама жобасының ережелерін түсіндіру туралы сұрау салулар келіп түспеген жағдайда, уәкілетті орган конкурстық (тендерлік) құжаттаманы бекіту туралы шешім қабылдайды.

Ескертулер, сондай-ақ конкурстық (тендерлік) құжаттама жобасының ережелерін түсіндіру туралы сұрау салулар болған жағдайда, уәкілетті орган конкурстық (тендерлік) құжаттама жобасын алдын ала талқылау мерзімі өткен күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1. конкурстық (тендерлік) құжаттама жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді;
2. конкурстық (тендерлік) құжаттама жобасына қатысты ескертулерді оларды қабылдамау себептерінің негіздемесін көрсете отырып, қабылдамайды;
3. конкурстық (тендерлік) құжаттама жобасының ережелеріне түсініктеме береді.

Көрсетілген шешімдер қабылданған күннен бастап конкурстық (тендерлік) құжаттама бекітілген болып есептеледі.

№ 1 қосымша
Семей қаласының аумағында қатты
тұрмыстық қалдықтарды жинау және
тасымалдауды жүзеге асыратын ҚТҚ
нарығына қатысушыларды айқындау
жөніндегі конкурстық (тендерлік)
құжаттамаға

Семей қаласының аумағында қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау және тасымалдауды жүзеге асыратын ҚТҚ нарығына қатысушыларды айқындау жөніндегі конкурсқа (тендерге) қатысуға өтінім.

11. Қатысушы заңды немесе жеке тұлғаның атауы, заңды мекенжайы: _____

2. Есеп айырысу шоты және қызмет көрсететін банктің мекенжайы: _____

3. Арнайы техниканың саны (атауы және саны): _____

4. Мамандандырылған ұйымның штаттық қызметкерлер саны: _____

5. Өтініш берушінің қалдықтарды басқару саласындағы кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімі – рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізіліміне енгізілгенін растайтын құжаттар: _____

Т.А.Ә.: _____
Лауазымы: _____
Толтырылған күні: _____
Конкурстық (тендерлік) ұсыныстарда ұсынылған мәліметтер дұрыс, дұрыс емес (қажетсізінің астын сызу): _____

№ 2 қосымша
Семей қаласының аумағында қатты
тұрмыстық қалдықтарды жинау және
тасымалдауды жүзеге асыратын ҚТҚ
нарығына қатысушыларды айқындау
жөніндегі конкурстық (тендерлік)
құжаттамаға

Қатысушының толық атауы
_____
(Лауазымы)
_____
(Т.А.Ә., қолы)

Семей қаласының аумағында қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау және тасымалдауды жүзеге асыратын ҚТҚ нарығына қатысушыларды айқындау жөніндегі конкурстық (тендерлік) ұсыныстарды толтыру нысаны

Конкурсқа (тендерге)_____
(күні)

1. Қатысушы ұсынатын: коммуналдық қалдықтарды әкетуге арналған арнайы техниканың қозғалыс сызбасы көрсетілген маршруттық кесте.

2. Қызмет көрсетуге тартылатын арнайы техника арнайы жабдықталған, арнайы белгілермен және спутниктік навигациялық жүйелермен, сондай-ақ «Жасыл даму» АҚ дерекқорымен деректерді интеграциялауға арналған бағдарламалық

№	Арнайы машина ның түрі	Мемлекет тік тіркеу нөмірі	Шығарылған жылы	Дайындаушы зауыт	Соңғы техникалық байқаудан өткен күні	Меншік нысаны

қамтамасыз ету (БҚ) орнатылған планшеттермен немесе телефондармен жабдықталған болуы тиіс.

(Әрбір арнайы техника туралы мәлімет жеке жолға толтырылады және растайтын құжаттардың көшірмелері қоса беріледі).
3. Коммуналдық қалдықтарды әкету саласындағы жұмыс тәжірибесі.
4. Автокөлік құралдарын қоюға, сақтауға, техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған өндірістік үй-жайлардың меншік құқығында немесе жалдау құқығында болуы.

№	Өндірістік базаның мекенжайы	Базаның техникалық сипаттамалары (жалпы ауданы, қарау шұңқырлары, эстакадалар, автожуу орны және т.б.)	Тұрмыстық және қызметтік үй-жайлар (телефонның болуы, бөлмелер саны, санитариялық торап және т.б.)	Меншік нысаны

(Мәліметтер жеке жолға толтырылады және растайтын құжаттардың көшірмелері қоса беріледі).
5. Коммуналдық қалдықтарды әкету бойынша қызметтер көрсету үшін білікті басқарушы және техникалық персоналдың болуы.

№	Қызметкерлер тізімі	Атқаратын лауазымы	Білімі	Жұмыс өтілі, оның ішінде коммуналдық қалдықтарды әкету саласындағы жұмыс өтілі

(Әрбір лауазым бойынша мәліметтер жеке жолға толтырылады және растайтын құжаттардың көшірмелері қоса беріледі).
6. Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне сәйкес қолда бар кіші сыныптар туралы мәліметтер.
7. Қалдықтарды сұрыптау кешеніне жеткізу кезінде сұрыптау жөніндегі шарт туралы мәліметтер немесе қалдықтарды өз бетінше сұрыптау туралы ақпарат.
8. Қауіпті емес қалдықтарды қалпына келтіру және жою жөніндегі, сондай-ақ коммуналдық қалдықтардың қауіпті құрамдас бөліктерін сұрыптау кешеніне жеткізген жағдайда жасалған шарт туралы мәліметтер.
9. Қалдықтарды көму жөніндегі шарт, қалдықтарды қабылдау туралы полигон операторымен жасалған шарт туралы мәліметтер.
10. Коммуналдық қалдықтарды жинау және тасымалдау шарттарын жақсартуға бағытталған қосымша ұсыныстар.

№ 3 қосымша
Семей қаласының аумағында қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау және тасымалдауды жүзеге асыратын ҚТҚ нарығына қатысушыларды айқындау жөніндегі конкурстық (тендерлік) құжаттамаға

Конкурсқа (тендерге) қатысушылардың ұсыныстарын салыстыру және бағалау актісі

Семей қаласы «___» _____ 2026 ж.

_____ бұйрығымен бекітілген комиссия конкурсқа (тендерге) қатысушылардың конкурстық (тендерлік) ұсыныстарын қарау қорытындылары бойынша төмендегідей бағалауды белгіледі:

Комиссия құрамы:

№ п/п	№ лота	Лоттың атауы	Конкурстық (тендерлік) ұсыныстар бөлімдері бойынша балл саны							Ескертпе
			Учаскелерге қызмет көрсетуге тартылатын арнайы техника	Ұқсас (сипат тас) конкурс тарға қатысу және жұмыс тәжірибесі	Өндірістік база, қызметтік және тұрмыстық үй-жайлар және т.б.	Арнайы машиналарды ауыстыру жөніндегі шаралар жүйесі	ҚТҚ әкету шарттарын жақсарту ға бағытталған қосымша ұсыныстар	Қызметкерлердің білік тілігі	Жалпы балл саны	

Комиссия мүшелері:

№ 3-1 қосымша
Семей қаласының аумағында қатты

тұрмыстық қалдықтарды жинау және тасымалдауды жүзеге асыратын ҚТҚ нарығына қатысушыларды айқындау жөніндегі конкурстық (тендерлік) құжаттамаға

Семей қаласының аумағында қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау және тасымалдауды жүзеге асыратын ҚТҚ нарығына қатысушыларды айқындау жөніндегі конкурстық (тендерлік) құжаттамаға сәйкес бағалау шкаласы.

№ п/п	Көрсеткіш	Балл саны		
		Ұсынылған арнайы техниканың үлесі 30%-дан аз;	Ұсынылған арнайы техниканың үлесі 30%-дан аз;	Ұсынылған арнайы техниканың үлесі 30%-дан аз;
1.	Арнайы машиналарды пайдалану мерзімі:			
	5 жылға дейін;	+4	+8	+10
	5 жылдан 9 жылға дейін;	+3	+2	+1
	9 жылдан 12 жылға дейін;	+2	+1	+0,5
	12 жылдан астам;	0	0	0
1.1	Пайдалану мерзімі 3 жылға дейінгі арнайы машиналар болған жағдайда (қосымша балл).	Әрбір бірлік үшін – +1 балл.		
1.2.	Жеке сектордан қалдықтарды контейнерсіз әкетуге арналған арнайы техника болған жағдайда;	Әрбір бірлік үшін – +2 балл.		
1.3	Жеке меншігіндегі арнайы машиналар болған жағдайда (қосымша).	Әрбір бірлік үшін – +1,5 балл.		
2	Мамандандырылған ұйымның жұмыс тәжірибесі:			
	3 жылға дейін;	+1		
	3 жылдан 8 жылға дейін;	+3		
	8 жылдан астам.	+6		
3	Өндірістік-техникалық базаның болуы:	Жеке меншігінде	Жалға алынған	Шарт негізінде қызмет көрсету.
	Өндірістік корпус:			
	Техникалық қызмет көрсету кешені (аймақ, учаске);	+3	+0,7	+0,2
	Ағымдағы жөндеу кешені:			
	Посттар;	+3	+0,7	+0,2

	Өндірістік учаскелер мен цехтар;	+3	+0,7	+0,2
	Қойма үй-жайлары;	+2	+0,3	+0,1
	Автотұрақ, оның ішінде:			
	Ашық;	+1,5	+0,7	+0,3
	Жабық;	+3	+1	+0,5
	Жуу-тазалау кешені:			
	Қолмен жуу;	+1	+0,5	+0,2
	Механикаландырылған жуу.	+1	+0,7	+0,5
	КТП	+0,7	+0,2	+0,1
	Әкімшілік ғимарат.	+3	+0,3	0
	Медициналық пунктке арналған үй-жайдың немесе бөлменің болуы.	+1	+0,3	+0,2
	Жұмысшыларға қызмет көрсетуге арналған тұрмыстық корпустар мен үй-жайлардың болуы.	+1	+0,1	0
	Абоненттік базаның болуы.	+2		
	«Айкомек» жүйесіне қосылған диспетчерлік қызметтің болуы.	+2		
	Тамақтануға арналған бөлме (асхана).	+2		
4	Арнайы машиналарды ауыстыру жөніндегі шаралар жүйесі: резервтік жылжымалы құрам жоқ, ауыстыру жүргізілмейді.	-2		
	Резервтік жылжымалы құрам бар.	+2		
5	ҚТҚ әкету шарттарын жақсартуға бағытталған қосымша ұсыныстар.			
	МЕМСТ талаптарына сәйкес контейнерлерді жаңарту.	Әрбір 10 дана үшін – +1 балл.		
	ҚНжЕ талаптарына сәйкес жаңа контейнерлік алаңдарды салу.	Әрбір бірлік үшін – +1 балл.		
	ҚТҚ әкету шарттарын жақсартуға бағытталған өзге де ұсыныстар.	Растайтын құжаттарды ұсыну арқылы негізделген әрбір ұсыныс үшін – +1 балл.		
	Нормативтік-құқықтық актілерге (НҚА) сәйкес халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жеңілдіктер беру.	49% +0,5 50% +1 51-70% +3 71-100% +5		

6	Қызметкерлердің біліктілігі	10 балл (жүргізушінің еңбек өтілі 3 жылдан кем болған жағдайда бағалау 1 балға төмендетіледі; резервтік жүргізуші болмаған жағдайда бағалау 2 балға төмендетіледі; бір автокөлікке кемінде 2 жұмысшыдан тұратын жұмыс персоналымен жасақталмаған жағдайда бағалау 4 балға төмендетіледі; басшылық құрамның ҚТҚ әкету саласындағы еңбек өтілі 3 жылдан кем болған жағдайда бағалау 1 балға төмендетіледі).

№ 4 қосымша
Семей қаласының аумағында
қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауды
және тасымалдауды жүзеге асыратын
ҚТҚ нарығына қатысушыларды айқындау
жөніндегі конкурстық (тендерлік) құжаттамаға

Өзара міндеттемелер туралы № ___ шарт

«__»_____2026 г

г. Семей

«Абай облысы Семей қаласының «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесі, бұдан әрі «Ұйымдастырушы» деп аталатын, Ереженің негізінде әрекет ететін басшысы _____ атынан, бір тараптан, және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын «_____» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі атынан Жарғы негізінде әрекет ететін директоры _____, екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар», ал жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар, Семей қаласының аумағында қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауды және тасымалдауды жүзеге асыратын ҚТҚ нарығына қатысушыларды айқындау жөніндегі конкурс (тендер) қорытындылары туралы 2026 жылғы «» _____ хаттаманың негізінде осы өзара міндеттемелер туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) төмендегілер туралы жасасты.

Осы Шартта төменде көрсетілген терминдер мынадай мағынада қолданылады:

Ұйымдастырушы – Абай облысы Семей қаласының «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Өнім беруші -_____;

Тұтынушы – қалдықтардың меншік иелері болып табылатын жеке және заңды тұлғалар;

Қызмет – Өнім берушінің Тұтынушыдан коммуналдық қалдықтарды (қатты тұрмыстық қалдықтарды) әкетуі.

1. Шарттың мәні

Семей қаласының аумағында қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау және тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсету.

Қызмет көрсету орны – № _____ лотқа сәйкес аудандар.

2. Өнім берушінің құқықтары мен міндеттері

Өнім берушінің құқығы бар:

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен тұтынушыдан қатты тұрмыстық қалдықтарды әкету үшін төлемді уақтылы алуға және қызметтерге ақы төлеу мерзімі кешіктірілген жағдайда тиісті шаралар қабылдауға;
- Ұйымдастырушыға тарифтерді, қозғалыс кестелерін өзгерту және көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға бағытталған өзге де шаралар бойынша негізделген ұсыныстар енгізуге;
- тұтынушылардан қоғамдық тәртіпті және Абай облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру қағидаларын сақтауды талап етуге;
- Ұйымдастырушымен келісу бойынша қызметтер көрсетуге қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартуға құқылы. Қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) берілетін қызметтердің шекті көлемі көрсетілетін қызметтердің жалпы көлемінің үштен екі бөлігінен аспауға тиіс.

Өнім беруші міндетті:

- автокөлік құралдарының техникалық жарамды күйде болуын қамтамасыз етуге және техникалық, экологиялық, санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға және өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келмейтін автокөлік құралдарын маршрутқа шығармауға;
- арнайы техниканың алдын ала және мерзімдік, оның ішінде рейс алдындағы (ауысым алдындағы) техникалық қарап-тексеруден (ТО-2) өткізілуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ автокөлік құралдары жүргізушілерінің еңбек және демалыс режимін сақтауға;
- арнайы көлік құралдарына GPS жүйесін орнатуды және оның үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге;
- қатты тұрмыстық қалдықтарды тасымалдау қауіпсіздігіне жауапты тұлғаны белгілеуге;
- тұтынушылармен тұрғылықты жері бойынша тіркелуіне немесе нақты тұратын жеріне сәйкес қатты тұрмыстық қалдықтарды әкету бойынша өзара міндеттемелері көрсетілген шарттар жасасуға;
- Абай облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру қағидаларының талаптарын сақтауға, контейнерлер мен контейнерлік алаңдарды тиісті санитариялық және техникалық жағдайда ұстауға, сондай-ақ:
    - Ұйымдастырушы ұсынған, одан әрі пайдалануға жарамсыз контейнерлерді уақтылы жөндеуге және ауыстыруға, сондай-ақ Өнім

берушінің кінәсінен бүлінген контейнерлік алаңдарды уақтылы жөндеуді қамтамасыз етуге;
    - контейнерлерді Өнім берушінің автокөлік құралына түсіру процесінде ғана төгілген қоқысты 3 (үш) метр радиуста жинауды және аумақты тазалауды жүзеге асыруға;
    - қызметтер көрсету барысында анықталған ақауларды өз қаражаты есебінен жоюға;
    - қатты тұрмыстық қалдықтарды әкету қызметтерін ұйымдастыру барысында Ұйымдастырушымен келіспей, қатты тұрмыстық қалдықтарды әкету кестесіне өз бетінше өзгерістер енгізбеуге;
    - қатты тұрмыстық қалдықтарды әкету тарифі көтерілген жағдайда, алдағы өзгерістер туралы тұтынушыларды өзгерістер енгізілетін күнге дейін 30 (отыз) күн бұрын бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабардар етуге.
- Семей қаласының аумағында орналасқан контейнерлік алаңдардан қатты тұрмыстық қалдықтарды уақтылы (жасалған шарттарға сәйкес) әкетуді жүзеге асыру;
- арнайы техниканың қозғалыс схемасы көрсетілген маршруттық кестелерді әзірлеу және өзгерген жағдайларға сәйкес оларға түзетулер енгізу;
- Ұйымдастырушыға ай сайын электрондық немесе қағаз жеткізгіштерде мынадай ақпаратты ұсыну:
    - Тұтынушылармен жасалған шарттар және ҚТҚ жинақталу көлемдері туралы мәліметтер;
    - контейнерлерді жөндеу және ауыстыру туралы ақпарат;
- қажет болған жағдайда төтенше жағдайлардың салдарын жою кезінде мемлекеттік органдарға, ұйымдар мен кәсіпорындарға арнайы техниканы ұсыну;
- одан әрі пайдалануға жарамсыз контейнерлерді жөндеу және ауыстыру кестесін ұсыну;
- қоқыс шығару кезеңділігінің кестесін, атап айтқанда, қоқыс әкету күндері мен әкетілетін қоқыс көлемін көрсету;
- қоқыс әкететін арнайы көліктердің маршруттық кестесінің орындалуын бақылау үшін жауапты тұлғаларды тағайындау;
- коммуналдық қалдықтарды басқару, оның ішінде қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау және тасымалдау жөніндегі ақпараттық жүйені енгізу;
- осы Шарттың 13-тармағында көрсетілген ақпараттық жүйені қалдықтарды жинау, тасымалдау және қайта өңдеуді есепке алудың автоматтандырылған ақпараттық жүйесімен, атап айтқанда, «Жасыл даму» АҚ-ның «EcoQolday» ақпараттық жүйесімен интеграциялауды жүзеге асыру және қатты тұрмыстық қалдықтарды (ҚТҚ) жинау мен тасымалдау бойынша тиісті деректерді тұрақты негізде беріп отыру;
- Өнім берушінің кінәсінен контейнерлік алаңдар бүлінген жағдайда, оларды уақтылы жөндеуді қамтамасыз ету.

3. Ұйымдастырушының құқықтары мен міндеттері

Ұйымдастырушының құқығы бар:

- Осы Шарт талаптарының бұзылғаны анықталған жағдайда, Өнім берушіден оларды Ұйымдастырушы белгілеген мерзімде жоюды талап ету;
- Өнім берушінің жұмысын бақылау және Шарт талаптары бір ай ішінде бірнеше рет (3 және одан да көп рет) бұзылған немесе тұтынушылардан Өнім берушінің жұмысына қатысты келіп түскен және расталған шағымдар болған жағдайда, Тұтынушының, Ұйымдастырушы қызметкерлерінің, әкім аппаратының, санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органының және Өнім берушінің қатысуымен акт жасау;
- Бір ай ішінде жасалған 3 және одан да көп актінің негізінде Шартты біржақты тәртіппен бұзу және осы лот бойынша қайтадан тендер жариялау.

Осы тармақтың негіздері бойынша Шарт бұзылған жағдайда, Ұйымдастырушы Өнім берушіге жазбаша хабарлама жіберген күннен бастап 30 (отыз) күн өткен соң Тараптардың міндеттемелері тоқтатылады.

Ұйымдастырушының міндеттері:

- Қатты тұрмыстық қалдықтарды әкету бойынша қызмет көрсету құқығын Өнім берушіге ұсыну;
- Өнім берушіден келіп түскен қатты тұрмыстық қалдықтарды әкету қызметтерін ұтымды ұйымдастыру мәселелеріне қатысты барлық ұсыныстарды 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде қарау және оған жазбаша жауап беру;
- Қатты тұрмыстық қалдықтарды әкету шарттарындағы барлық өзгерістер туралы Өнім берушіні уақтылы хабардар ету.

4. Тараптардың жауапкершілігі

Өнім беруші мынадай жағдайлар үшін жауапты болады:

- Абай облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру қағидаларын сақтамау, қатты тұрмыстық қалдықтарды уақтылы әкетпеу;
- Ұйымдастырушыны тиісті түрде хабардар етпей, қатты тұрмыстық қалдықтарды әкету қызметтерінің бағасын біржақты тәртіппен көтеру;
- Контейнерлердің санитариялық жай-күйінің қанағаттанарлықсыз болуы;
- Ұйымдастырушымен келісусіз Шарт бойынша қызмет көрсету құқығын үшінші тұлғаға беру.

Ұйымдастырушы осы Шарт талаптарын өз тарапынан бұзғаны үшін жауапты болады.

5. Шартты өзгерту және бұзу тәртібі

Осы Шартқа енгізілетін кез келген толықтырулар және (немесе) өзгерістер жазбаша түрде ресімделеді, екі Тараптың қолымен расталады және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

Өнім беруші осы Шарттың қолданыстағы талаптарын бұзған жағдайда, Ұйымдастырушы осы Шартты біржақты тәртіппен бұзады. Бұл ретте Ұйымдастырушы Өнім берушіні 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын алдын ала хабардар етеді.

Егер Өнім беруші Шартта көзделген негізгі талаптарды бұзуға әкеп соғатын елеулі бұзушылықтарға жол берген жағдайда, Ұйымдастырушы Шартта көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін оны бұзуға құқылы.

Шарт талаптарын елеулі бұзу жағдайларына мыналар жатады, бірақ олармен шектелмейді:

- Қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларына сәйкес болған жағдайда қатты тұрмыстық қалдықтарды әкету кестесінің бұзылуы және контейнерлердің толып кетуіне жол беру;
- Осы Шарттың 2-тармағының талаптарына сәйкес келмейтін арнайы техниканы маршрутта бірнеше рет пайдалану;
- Ұйымдастырушымен келісусіз қызмет көрсету құқығын үшінші тұлғаға беру;
- Абай облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру қағидаларының қоқыс шығаратын ұйымның коммуналдық қалдықтарды мамандандырылған полигондарға жеткізу жөніндегі міндеттемелеріне қатысты талаптарын бұзу.

коммуналдық қалдықтарды сұрыптауды, қайта өңдеуді және кейіннен кәдеге жаратумен көму жұмыстарын жүзеге асыратын кәсіпорындарға жеткізу.

Осы Шарт Тендерге қатысуға берілген өтінімде жалған ақпарат немесе жалған құжаттар ұсынылғаны анықталған жағдайда да мерзімінен бұрын бұзылады.

6. Өзге де шарттар

Осы Шартты орындауға байланысты барлық даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасында келіссөздер жүргізу арқылы немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

Егер қызметтің мән-жайлары мен шарттары объективті түрде өзгерсе, осы Шарттың талаптары Тараптардың бірінің ұсынысы бойынша қайта қаралуы мүмкін. Ұсынылған өзгерістер екінші Тараптың жазбаша хабарламаны алған күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қабылданады немесе қабылданбайды.

Осы Шартта Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де талаптарды белгілей алады.

Осы Шарт бірдей заңды күші бар екі данада жасалды.

7. Тараптардың заңды мекенжайлары мен деректемелері

Ұйымдастырушы:
Абай облысы Семей қаласының
«Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі»
мемлекеттік мекемесі
Басшысы:

Өнім беруші:

Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауды және тасымалдауды жүзеге асыратын ҚТҚ нарығына қатысушыларды айқындау жөніндегі конкурс (тендер) осы хабарландыру Семей қаласы әкімдігінің сайтында орналастырылған күннен бастап 15

(он бес) жұмыс күні өткеннен кейін, бірақ 25 (жиырма бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей өткізіледі.

Конкурстық (тендерлік) құжаттамаға өзгерістер енгізілген жағдайда, конкурсты (тендерді) өткізу мерзімі 5 (бес) жұмыс күніне ұзартылады.

КОНКУРСҚА (ТЕНДЕРГЕ) МЫНА АУДАНДАР ШЫҒАРЫЛАДЫ:

ҚТҚ әкету бойынша № 1 ЛОТ
(Контрольный, Мирный кенттері, «Қарағайлы» тұрғын ауданы, Затон ауданы, Революция күрескерлері ауданы және 1-шағын аудан)
ГАИ бекетінен (Павлодар тасжолы) Семей–Павлодар тасжолы бойымен, Семей–Павлодар тасжолынан «Эйкос» ЖШС аумағын, «Қарағайлы» тұрғын ауданын және Шугаев көшесіндегі «Солтүстік» көлік-логистикалық орталығын қоса отырып, Шугаев көшесі бойымен академик Сәтбаев көшесіне дейін, академик Сәтбаев көшесінен солға бұрылып Ертіс өзенінің жағалауына дейін, Ертіс өзенінің жағалауы бойымен Контрольный кентін қоса отырып, ГАИ бекетіне дейін.

ҚТҚ әкету (Пристань ауданы, Лодочная ауданы, 342, 343, 352, 40, 35, 20-орамдар, «Энергетик» шағын ауданы, Зағиптар қоғамы ауданы)
Ертіс өзенінің жағалауынан академик Сәтбаев көшесі бойымен Шугаев көшесіне дейін, Шугаев көшесі бойымен «Энергетик» шағын ауданына дейін, Сеченов көшесі мен 1-Орманды көшесіндегі үйлерді қоса алғанда, орман белдеуі бойымен Мичурин көшесіне дейін (оң жақ бөлігі). Мичурин көшесі бойымен Ш. Қаржаубайұлы көшесіне дейін (оң жақ бөлігі), одан әрі Жаңа көпірге дейін (оң жақ бөлігі).

ҚТҚ әкету («Қызыл кордон» тұрғын алабы, Мичурин көшесі, «Сроства» ауданы, 72-орам, «Спартак» ауданы және «Шіркеу» ауданы)
Қызыл кордон кентінен Мичурин көшесі бойымен (сол жақ бөлігі) Ш. Қаржаубайұлы көшесіне дейін (сол жақ бөлігі), одан әрі Жаңа көпірге дейін, Ертіс өзенінің жағалауы бойымен теміржол көпіріне дейін, Ертіс өзенінің жағалауынан теміржол бойымен «Қызыл кордон» тұрғын алабына дейін.
ҚТҚ әкету бойынша № 2 ЛОТ
(«РСУ-1» ауданы, «Ақсай» тұрғын алабы, Ақсары, Верхнеберезовский, Малая Ақтөбе, Березовский, Теміржолшылар кенттері, Дальняя ауданы, теміржол вокзалы ауданы, қаланың орталық бөлігінің бір бөлігі)

Теміржол бойымен «Қызыл кордон» тұрғын алабына дейін, орман белдеуі бойымен Малая Ақтөбе кентіне дейін, Малая Ақтөбе кентінен батпақты жер бойымен Дальняя ауданының теміржолына дейін, теміржолдан Терешкова көшесі бойымен (оң жақ бөлігі) Чайковский көшесіне дейін, Чайковский көшесі бойымен (оң жақ бөлігі) Шәкәрім даңғылына дейін, Шәкәрім даңғылы бойымен (оң жақ бөлігі) Ертіс өзенінің жағалауына дейін (Ескі көпір).

ҚТҚ әкету («Қазкрай» ауданының бір бөлігі, Восточный кенті, Шығыс сол жақ тұрғын алабы, «Согра» тұрғын алабы)

Теміржолдан Терешкова көшесі бойымен (сол жақ бөлігі) Морозов көшесіне дейін, Морозов көшесі бойымен (сол жақ бөлігі) жабық зиратқа дейін, А. Найманбаев көшесі бойымен Ертіс өзенінің жағалауына дейін, Ертіс өзенінің жағалауы бойымен Шығыс көшесіне дейін, Шығыс көшесіндегі үйлерді қоса отырып, Өскемен көшесіне дейін, Өскемен көшесі бойымен (сол жақ бөлігі) теміржол өткеліне дейін, Водный кенті – теміржол бойымен, «Согра» тұрғын алабын қоса отырып, Терешкова көшесіне дейін.

ҚТҚ әкету (қаланың орталық бөлігі, «Тат-край» ауданы, Водный кенті, Восход кенті және Шығыс оң жақ тұрғын алабы)

- Өскемен көшесі бойымен Шығыс көшесінен (оң жақ бөлігі) Ертіс өзенінің жағалауына дейін, Водный және Восход кенттерін қоса алғанда, Ертіс өзенінің жағалауы бойымен Шығыс оң жақ тұрғын алабын қоса отырып, Шығыс көшесіне дейін;
- Терешкова көшесінен Морозов көшесі бойымен (оң жақ бөлігі) жабық зиратқа дейін, Найманбаев көшесі бойымен (оң жақ бөлігі) Ертіс өзенінің жағалауына дейін, Ертіс өзенінің жағалауы бойымен Шәкәрім даңғылына дейін (ескі көпір), Шәкәрім даңғылы бойымен (оң жақ бөлігі) Чайковский көшесіне дейін, Чайковский көшесі бойымен (оң жақ бөлігі) Терешкова көшесіне дейін.

ҚТҚ әкету бойынша № 3 ЛОТ

(Мурат кенті, Мурат-1, Мурат-2 тұрғын алаптары, Бобровка кенті, Строительный кенті, Западный кенті, Нахаловка ауданы, Цемпоселок ауданының бір бөлігі)

Ертіс өзенінің жағалауы бойымен Бобровка тұрғын алабының шекарасына дейін, Бобровка тұрғын алабының шекарасы бойымен Центральная көшесіне дейін, Центральная көшесі бойымен Созидательная көшесіне дейін, Созидательная көшесі бойымен (оң жақ бөлігі) Щорс көшесіне дейін, Бобровка саяжай алабының шекарасы бойындағы үйлерді қоса алғанда, Щорс көшесі бойымен Ертіс өзенінің жағалауына дейін, Ертіс өзенінің жағалауы бойымен теміржол көпіріне дейін, теміржол бойымен айналма жол айрығына дейін, айналма жол айрығынан Бобровка кентін, Мурат-1, Мурат-2 тұрғын алаптарын қоса отырып, Мурат кентіне дейін.

ҚТҚ әкету (Комсомольский тұрғын алабы, Комсомольский кенті, Треугольник ауданы, 66-орам, 905 құрылыс ауданы, Цемпоселок ауданының бір бөлігі, Батыс өнеркәсіп торабы және Степной кенті)

Мурат-1, Мурат-2 тұрғын алаптарының аумағынан Цемент зауыты ауданының айналма жол айрығына дейін, Цемент зауыты ауданының айналма жол айрығынан

Глинки көшесі бойымен (оң жақ бөлігі) келесі айналма жол айрығына дейін, айналма жол айрығынан теміржол бойымен (оң жақ бөлігі) Селевин көшесіне дейін, Селевин көшесі бойымен (оң жақ бөлігі) Волгоград көшесіне дейін, Волгоград көшесі бойымен (оң жақ бөлігі) Саржал көшесіне дейін («Комсомольский» тұрғын алабы), Саржал көшесі бойымен Семей–Курчатов тасжолына дейін, Батыс өнеркәсіп торабының аумақтарын қоса отырып, Степной кентіне дейін, Степной кентінен Мурат-1, Мурат-2 тұрғын алаптарының аумағына дейін.

ҚТҚ әкету (Бобровка тұрғын алабы, Холодный Ключ кенті, Жоламан кенті, «1000 мелочей» ауданының бір бөлігі, «Океан» ауданының бір бөлігі, «Новостройка» ауданының бір бөлігі, ЖЭО-1 ауданы, Ұн комбинаты ауданы)

- Теміржол көпірінен Ертіс өзенінің бойымен Холодный Ключ кентінің шекарасына дейін қоса алғанда, Холодный Ключ кентінен Семей–Алматы тасжолына дейін, Семей–Алматы тасжолы бойымен (оң жақ бөлігі) Лебаев көшесіне дейін, Лебаев көшесі бойымен (оң жақ бөлігі) Баян Байғожина көшесіне дейін, Баян Байғожина көшесі бойымен (оң жақ бөлігі) М. Әуезов даңғылына дейін, М. Әуезов даңғылы бойымен (оң жақ бөлігі) айналма жол айрығына дейін, айналма жол айрығынан теміржол бойымен (оң жақ бөлігі) теміржол көпіріне дейін.
- Бобровка тұрғын алабы.

ҚТҚ әкету бойынша № 4 ЛОТ

(«Топографиялық» ауданы, «1000 мелочей» ауданының бір бөлігі, «Океан» ауданының бір бөлігі, «Новостройка» ауданының бір бөлігі, Титов көшесі бойындағы тұрғын үй секторы және Кирпичный кенті)

Айналма жол айрығынан теміржол бойымен (сол жақ бөлігі) 666-шы километр көшесіне дейін, 666-шы километр көшесінен Семей–Алматы тасжолына дейін (сол жақ бөлігі), Семей–Алматы тасжолы бойымен Лебаев көшесіне дейін, Лебаев көшесі бойымен (сол жақ бөлігі) Баян Байғожина көшесіне дейін, Баян Байғожина көшесі бойымен (сол жақ бөлігі) М. Әуезов даңғылына дейін, М. Әуезов даңғылы бойымен (сол жақ бөлігі) айналма жол айрығына дейін.

ҚТҚ әкету (Юность шағын ауданы, «Ұшақтар» тұрғын алабы, Аягөз және Әуежай көшелерінің тұрғын үй секторы)

Селевин көшесінен теміржол бойымен (оң жақ бөлігі) Әуежай көшесіне дейін қоса алғанда. Әуежай көшесінен әуежай аумағына дейін, әуежай аумағынан қоршау бойымен Семей–Қарауыл тасжолына дейін, «Ұшақтар» тұрғын алабының аумағын қоса алғанда, Семей–Қарауыл тасжолынан Волгоград көшесіне дейін, Волгоград көшесі бойымен (оң жақ бөлігі) Селевин көшесіне дейін, Селевин көшесі бойымен (оң жақ бөлігі) теміржолға дейін.

Осы конкурсқа (тендерге) қатысуға ниет білдірген тұлғалар конкурсқа (тендерге) қатысуға арналған өтінімдерін Абай облысы Семей қаласының «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесіне мына мекенжай бойынша ұсынады: Абай облысы, Семей қаласы, Тәңірбергенов көшесі, 1.

Анықтама алу үшін мына телефон нөміріне хабарласуға болады: 8-708-398-02-40 – комиссия хатшысы.